

Аққайың

## Балабақшада Наурыз мерекесі аталып өтті

Наурыз – көнеден келе жатқан мереке. Қысттан аман шыққан халық Наурызыда асыға қүтеді.

Халқымыз үшін Наурыз – жыл басы. Бұл табиғаттың жаңаруының, көктемнің, махаббаттың, достықтың, құнарлылықтың бейнеленуінің тамаша мерекесі.

Сонымен біздің балабақшамызға барлық тіршіліктің жаңару мерекесі Наурыз мерекесі де келіп жетті. Мереке қарсаңында әр топта «Наурыз – әулие мен ізгілік мерекесі» атты әңгімелер өткізілді. Осылайша орай 18 наурызда екі ортаңғы және ересек тобының тәрбиленушілерінің қатысуымен «Балапан» бебекжай-бақшамызда, Күн мен түннің тенеліп, табиғаттың қайта жаңғыратын ерекше сәтіндегі қазақ халқының ұлылығын дәрілтей түсетін «Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мейрамы» атты ертеңгілік өтті. Сонымен қатар, Наурыз мерекесіне арналған ұлттық нақыштағы бейнеленген киіз үйдің ішіне қазақтың кебежесін, шымылдығын, атәзелдерін, ыдыс-аяқтарын қойып безендіріп, арнағы дастархан жайылды. Қонаққа Қыдыр ата, Алдар көсе, Хан, Қектем ханшайымы атты кейіпкерлер келіп, өз рольдерін сомдады. Балалар «Арқан тарту», «Тенге алу» ойындарына белсene қатысып, өю-өрнектеп тігілген, көздің жауын алатын күймдерді киіп, «Батырлар» биін билесе, қыздар «Алма» биін билеп, тақпак, өлеңдерімен жалғастырды. Ересек топ тәрбиленушілері «Әз-Наурыз» өлеңін орынданап, «Домбыра» биін билеп, көрермендерді таң қалдырды.

Бұл мерекелік шараға балалар үлкен қызығушылықпен ат салысты. Әр бала өзінің тәтті қызықтарымен, бойына тамған өнерлерін көрсетіп, қонақтардың жүздеріне күлкі сыйлады. Мерекеге келген ата-аналар дән



риза болып, өздерінің жылы лебіздерін білдіріп жатты. Шара соңында қонақтарға арнағы шашу шашылды, бата берілді. Осылайша «Балапан» бебекжай-бақшасында Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мерекесі мерекеленіп өтті.

**Райхан ИМАТАЕВА,**  
**«Балапан» бебекжай-бақшасының ересек топ тәрбиеші**